

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 473 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1342 Қаулысы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындығы "Байқоңыр" кешенінде болу тәртібі туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 473 қаулысына мұнадай өзгеріс өзгілісін:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінде болу тәртібі туралы келісімнің жобасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1342 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 20 мамырдағы

N 473 қаулысымен

мақұлданған

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінде болу тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр

" кешенін жалға беру шартын, 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мэртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мэртебесі туралы келісімді, 2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

"Байқоңыр" кешенінде болу тәртібін жетілдірудің қажеттігін мойынданай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мәні Қазақстан Республикасының азаматтары және Ресей Федерациясының азаматтары - ғарыш айлағы персоналдарының, Байқоңыр қаласы тұрғындарының, лауазымды адамдардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, делегациялардың, туристердің, қалаға жеке шаруаларымен келген адамдардың, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың "Байқоңыр" кешенінде болу тәртібін белгілеу болып табылады.

2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын "Байқоңыр" кешені", "Байқоңыр қаласы", "Байқоңыр қаласының тұрғындары", "Байқоңыр қаласының әкімшілігі", "ғарыш айлағының персоналды" деген ұғымдар 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартында және 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мэртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мэртебесі туралы келісімде белгіленген мағынаға ие.

Осы Келісімде пайдаланылатын басқа ұғымдар мынадай мағыналарға ие:

"Ресей тарапының уәкілетті органдарының қарамағындағы объектілер" - Ресей Федерациясының Үкіметі жалға алған "Байқоңыр" кешенінде объектілері;

"Қазақстан тарапының қарамағындағы объектілер" - "Байқоңыр" кешенінде аумағында орналасқан және Ресей Федерациясының Үкіметі жалға алмаған объектілер;

"лауазымды адамдар" - билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және мемлекеттік мекемелерінде ұйымдастырушылық-өкімдік, әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындағында дамдар;

"делегация" - ресми іс-шараларға, кездесулерге, келіссөздерге және т.б. қатысу

мақсатында "Байқоңыр" кешеніне баратын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің өкілдерінен тұратын адамдар тобы;

"шетел азаматтары" - Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының азаматтары болып табылмайтын адамдар;

"азаматтығы жоқ тұлғалар" - Қазақстан Республикасының азаматтары және Ресей Федерациясының азаматтары болып табылмайтын, үшінші мемлекеттің азаматтығы бар-жоғына дәлелдемелері жоқ жеке тұлғалар;

"бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері" - тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары үшін хабарламалар мен материалдарды редакциялаумен, жасаумен, жинаумен немесе дайындаумен айналысатын, онымен еңбек немесе өзге де шарттық қатынастармен байланысты не оның уәкілеттігі бойынша осындай қызметпен айналысатын және Қазақстан Республикасында немесе Ресей Федерациясында аккредитациясы бар адамдар;

"туристер" - белгіленген мерзім шеңберінде белгіленген бағыт бойынша таныстық және танымдық мақсатта "Байқоңыр" кешеніне ұйымдастып баратын адамдар;

"қалаға жеке шаруаларымен келетін адамдар" - Байқоңыр қаласына қала тұрғындарының шақыруы бойынша немесе ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіп тауарларын өткізу, қызметтер көрсету, сондай-ақ "Байқоңыр" кешенінің қызметіне байланысты емес басқа мақсаттарда келген адамдар.

3-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан — Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғарыш агенттігі;

Ресей тарапынан — Федералдық ғарыш агенттігі және Байқоңыр қаласының әкімшілігі.

4-бап

Ғарыш айлағының персоналын, Байқоңыр қаласының тұрғындарын, лауазымды адамдарды, делегацияларды, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, туристерді, қалаға жеке шаруаларымен келетін адамдарды - Қазақстан Республикасының азаматтары мен Ресей Федерациясының азаматтарын "Байқоңыр" кешенінің объектілеріне кіргізу туралы шешімді тиісті объектілер қарамағына жататын Тараптардың тиісті уәкілетті органдары қабылдайды.

5-бап

Шетел азаматтарын, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін және туристерді Ресей тарапы уәкілетті

органдарының қарамағындағы объектілерге кіргізу туралы шешімді Қазақстан тарапының уәкілетті органына хабарлай отырып, Ресей тарапының тиісті уәкілетті ор ган дары қа б ы л д ай д ы .

Шетел азаматтарын, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларды, оның ішінде туристерді, Қазақстан тарапының қарамағындағы объектілерге кіргізу туралы шешімді Ресей тарапының уәкілетті органдарына хабарлай отырып, ал бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері болып табылатын шетел азаматтарын, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларды Федералдық гарыш агенттігімен келісім бойынша Қазақстан тарапының уәкілетті органы қабылдайды.

6-бап

Мұдделі ұйымдар мен кәсіпорындар Федералдық ғарыш агенттігінің қарамағындағы объектілерге рұқсат алуға арналған өтінімдерді Ресей Федералдық ғарыш агенттігіне береді.

Мұдделі ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақстан тарапының қарамағындағы объектілерге рұқсат алуға арналған өтінімдерді Қазақстан тарапының уәкілетті орғанына береаді.

Қаланың үйымдарында жұмыс істейтін, қызметтік және жеке шаруаларымен келген, қызметтер көрсету үшін қалаға келетін адамдарға Байқоңыр қаласының аумағына рұқсат алуға арналған өтінімдерді Байқоңыр қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұдделі адамдары және үйымдары Байқоңыр қаласының әкімшілігіне береді.

Келетін адамдар (тегі, аты, әкесінің аты, азаматтығы, жеке басын күэландыратын құжаттың деректері, жұмыс орны, лауазымы), болу мерзімі мен мақсаттары, баратын объектілердің тізбесі туралы мәліметтер, автокөлік және әкелінетін фото-, бейне- және басқа аппаратура туралы деректер бар өтінімдер мынадай мерзімде ұсынылады:

Қазақстан Республикасы азаматтарының және Ресей Федерациясы азаматтарының кіруін қамтамасыз ету үшін - келетін күніне дейін кемінде 10 күн бұрын, бұл ретте өтінімдердің қаралу мерзімі 5 күннен артық болмайды;

шетел азаматтарының, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалардың кіруін қамтамасыз ету үшін — келетін күніне дейін кемінде 55 күн бұрын, бұл ретте өтінімдердің қаралу мерзімі 45 күннен артық болмайды.

7-бап

Қазақстан Республикасы азаматтарының және Ресей Федерациясы азаматтарының "Байқоңыр" кешеніне кіруіне рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы ақпаратты тиісті уәкілдегі органдар өтініш берушілерге "Байқоңыр" кешенінде болу жоспарланып отырған күнге дейін кемінде 5 күн бұрын, ал шетел азаматтары,

сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар үшін кемінде 10 күн бұрын жеткізеді. Бұл ретте өтінім берушіге "Байқоңыр" кешенінің объектілеріне рұқсат беруден бас тарту себептері туралы хабарланбайды.

"Байқоңыр" кешенінің объектілеріне рұқсатнамалар ресімдеуді және беруді осы Келісімнің ережелерінде белгіленген тәртіппен Тараптардың тиісті уәкілетті органдары қабылдаған "Байқоңыр" кешенінің объектілеріне кіргізу туралы шешімдер негізінде Ресей тарапы уәкілетті органдарының рұқсатнама беру бюросы жүзеге асырады.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін талқылау және қолдану кезінде Тараптар арасында туындастырылған даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың уәкілетті органдары арасында консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Тараптардың уәкілетті органдары олар бойынша келісілген шешім қабылдамаған даулы мәселелер Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені жөніндегі кіші комиссиясының қарауына шығарылады.

9-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіле алады.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді және "Байқоңыр" кешенін жалға алу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Осы Келісім бірінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын екінші Тарап алған күнінен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қалады.

2008__ жылғы "__" __ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін талқылауда келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК